



## «UIB КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ» ЖШС

### Хаттама №1

Өту мерзімі: 18.10.2024ж

Қатысқандар:

Қатыспағандар: жоқ

### №1 Әдістемелік кеңесінің күн тәртібі

№	Баяндама тақырыбы	Баяндамашы
1	Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары.	Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары - <b>Сисенбаева А.Ж.</b>
2	Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту. Интербелсенді тақтамен жұмыс жасау тәжірибесі.	«Менеджмент және бизнес» бөлімінің меңгерушісі - <b>Утеген Г.У.</b>
3	Теориялық журнал толтыру тәртібі. Электрондық журнал MOODLE толтыру ережелері.	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары - <b>Исмагамбетова М.Т.</b> Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары - <b>Сисенбаева А.Ж.</b>
4	Әртүрлі сұрақтар	

### Тыңдалды:

1. Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Сисенбаева Асем Жанатовна педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын таныстырып өтті: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» негізінде аттестату жүзеге асырылады. Осы бұйрық жалпы ережелерден, аттестаттауды өткізу тәртібінен, аттестаттау комиссиясының құрамы және қызметінің тәртібінен, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібінен, педагогтің қызмет нәтижесін кешенді талдамалық жинақтауды өткізудің тәртібінен, педагогтерге біліктілік санаттарын мерзімінен бұрын беру (растау) тәртібінен тұрады. Ағымдағы жылы аттестаттаудан өтетін оқытушылар осы бұйрықтың педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына 1-қосымшаның өтініш жазуынан басталады. Біліктілік тестілеуінен өту баллдары мен пайыздық мөлшерлерімен таныс болу үшін

осы бұйрықтың 2 қосымшасын саралаңыздар. Осы бұйрықтың 8 қосымшасы "Педагогтерді аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізімінен тұрады.

Және тестілеуден кейін осы бұйрықтың 15 қосымшасын «Педагогтердің материалдарын (портфолионы) бағалау парағы» негізге алып, ағымдағы оқу жылында аттестаттаудан өтуге өтініш берген оқытушылар мен басқа да оқытушылардың танысып, портфолиоларын дайындауға кеңес берді.

2. Екінші мәселе бойынша «Менеджмент және бизнес» бөлімінің меңгерушісі Утеген Гульбаршын Утегенқызы оқытушылар назарына «Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту. Интербелсенді тақтамен жұмыс жасау тәжірибесі.» тақырыбында әдістемелік көмек көрсетті. Сабақ барысында қолдануға ыңғайлы әрі қолайлы қосымшалармен бөлісіп, интербелсенді тақтаның әр түрлі функцияларымен таныстырды.
3. Үшінші мәселе бойынша директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Исмагамбетова Майя Туралиевна, теориялық оқу журналымен таныстырып, толтыру тәртібімен таныстырды. Журналдың қатаң есептілік құжат екенін еске салып, қателіктер жасау тыйым салынатынын ескертті. Сабақ үстінде теориялық журналды міндетті түрде алып, уақытында толтырылуын талап етті.

Қосымша, осы мәселе бойынша Сисенбаева Асем Жанатовна, Электрондық журнал MOODLE бағдарламасының жұмысымен таныстырды: бұл бағдарлама аса маңызды қажет болған жағдайлар немесе үкімет тарапынан онлайнға көшу бұйрығы келген жағдайда колледжің толыққанды онлайн режимге дайын екендігін көрсетеді. Осы бағдарламада оқытушылар студенттердің өз сабақтары бойынша лекциялық материалдар мен тапсырмаларды жүктеп, тексеру жасай алатындығын атап өтті. Сабақ барысында сабақ айтып үлгермеген студенттерге осы бағдарламаның көмегімен студенттің өзіндік жұмысын (СӨЖ) жасау барысын саралап, бағалауға болатынын көрсетті.

### **Шешімі:**

1. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары негізге алынып, оқытушылар назарына алынсын. Ағымдағы оқу жылында аттестаттауға өтініш берген педагогтердің портфолиосы дайындалсын.
2. Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамытуға арналған қосымшалар сабақ барысында қолданылсын және әр сабақта интербелсенді тақтамен жұмыс жүргізілсін.
3. Теориялық оқу журналы уақытында толтырылсын, толтыру барысында дәлдік пен жүйелілік сақталсын.

**Методикалық кеңестің төрайымы:**



**Якенова Куралай Жумабековна**

**Хатшы:**



**Турсабекова Назипа Досжановна**